

Келісілді:

Әдіскер:

Жакенова Ж.Ж. *Жау*  
« 04 » « 09 » 2023 ж



Мектеп директоры

Жакенова Ж.Ж.

*Жакенова Ж.Ж.*

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2023-2024 оқу жылына арналған  
тәрбиелеу білім беру процесінің циклограммасы  
Р.Асубаев атындағы ЖББМ «Айгөлек» шағын-орталығы  
«Балбөбек» ересек топ**

Тәрбиеші: Ж.Ж.Жакенова



ТЕМІН:  
Асубасев айналы ЖББМ  
директоры

**2023-2024 оқу жылына арналған  
«Балбөбек» ересек (4 жастағы балалар) қазақ тобының  
КҮН ТӘРТІБІ**

р/с	Күн тәртібінің кезеңдері	Уақыты (сағат, минут)
1	Балаларды қабылдау	08:00-08.45
2	Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	08:00-08.45
3	Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	08:45-09.10
4	Таңертенгі жаттығу	09:10-09:30
5	Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	09:30-09:40
6	Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	09.40-10.55
7	Серуенге дайындық	10.55-11.10
8	Серуен	11:10-11:40
9	Серуеннен оралу.	11:40-11.50
10	Балалардың дербес әрекеті (дамытушы ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер).	11.50-12.15
11	Балалармен жеке жұмыс	12:15-12:45
12	Балалардың үйге қайтуы	12:45-13:00

\*Қолайсыз ауа-райы жағдайында серуендеудің орнына педагог ұйым кестесіне сәйкес топта ойын қызметін ұйымдастырады.

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: Р.Асубаев атындағы ЖББМ «Айгөлек» шағын-орталығы**

**Тобы: «Балбөбек» ересек тобы**

**Балалардың жасы: 4 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі 02-06 қазан 2023 жыл**

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Мамандықтар туралы сұрақтар қою. <b>(Әлеуметтік –эмоционалды, физикалық іс-әрекет)</b>				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінін сездіріңіз.				
<b>Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)</b>	<b>"Біздің шкафта тәртіп бар".</b> <b>Мақсаты:</b> балаларға сыртқы киімге арналған шкафта заттарды бүктеу кезінде ұқыптылыққа үйрету. <b>(Әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)</b>				
	<b>Қимылды ойын «Ұшты-ұшты»</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларға әуеде ұшатын заттарды ажырата алуға үйрету. <b>(Коммуникативтік, физикалық шығармашылық іс-әрекет)</b>	<b>Сюжеттік ойын «Мен дәрігер боламын»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалар бір - бірімен ойнау арқылы өздерін дәрігер сезіне алады. <b>(Әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)</b>	<b>Үстел-үсті ойын «Әдемі үйшік»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалар өз еріктерімен үйшікті құрастыра алады <b>(Шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)</b>	<b>Сюжеттік ойын «Шаштараз»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалар ойын арқылы шаш киюшының еңбегін түсінеді. <b>(Коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</b>	<b>Дидактикалық ойын «Сандар тізбегі»</b> <b>Мақсаты:</b> Сандарды тура және кері санай білуге үйрету <b>(Танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)</b>
<b>Танертенгі жаттығу</b>	<b>Танертенгі жаттығу кешені №1 (қазан айына арналған)</b>				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. үшін жиналады. Балалар педагогке ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен әрекет, кезекшілік).				
<b>Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Дене шынықтыру</b> "Күзгі жолдар үстіндегі ойындар". <b>Мақсаты:</b> Балаларды кішкентай және үлкен	<b>Қазақ тілі</b> "Күз мезгілі. Алтын күз". <b>Мақсаты:</b> Балалардың "күз" жайлы түсініктерін	<b>Дене шынықтыру</b> "Еңкіс тақтайдың үстімен жүрелеп жүру". <b>Мақсаты:</b> Балаларға	<b>Музыка</b> "Күзге ән арнайық". <b>Мақсаты:</b> балалардың музыканы тыңдай білуге	<b>Дене шынықтыру</b> "Тақтайдың үстімен қалай жүреміз?" <b>Мақсаты:</b>



	<p>қадаммен жүгіру; көлденең тақтада еңбектеуді үйрету. (коммуникативтік, физикалық іс-әрекет)</p>	<p>дамыту; "алтын күз" сөзінің мағынасын түсіндіру; "Кім? Не?" сұрақтарына жауап беретін зат есімдер, "Не істейді?" сұрақтарына жауап беретін етістікті сөздер жайлы негізгі түсініктерін қалыптастыру. Мнемочарточкаларға негізделген сөздік жұмыс. "Күз" тақырыбына мнемочесте бойынша әңгіме құрау. (коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды шығармашылық іс-әрекет) <b>Музыка</b> "Күз". <b>Мақсаты:</b> Балаларды күз туралы әнді тыңдай отырып, оның сын-сипатын ажыратуды үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін арттыру. (шығармашылық,</p>	<p>сапта дене қалпын тік ұстап, педагогтің белгі беруі бойынша "Тіктел!", "Түзел!", "Тік тұр!" сөздерімен қимылдарды бұлжытпай орындауды үйрету. (физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)</p>	<p>қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сын-сипатын ажыратуды үйрету. (шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)</p>	<p>Балаларға екі аяқпен секіру (2-3 рет жүрумен кезектестіре отырып, 10 рет секіру); он және сол қолымен көлденең нысанға (2-2,5 м қашықтықтан) допты лақтыруды үйрету. (физикалық, шығармашылық іс-әрекет)</p>
--	--	--	---	--	---

		<p>коммуникативтік іс-әрекет)          Дидактикалық ойын:          "Балақан".          Мақсаты: Музыка ырағына сай қол соға отырып, әннің әуеніне қосылу.          (шығармашылық, физикалық іс-әрекет)</p>			
Серуенге дайындық	Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты). Ауа –рай құбылыстары жайлы әңгіме жүргізу. (Әлеуметтік –эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)				
Серуен	<p><b>Күн - жылу мен жарық көзі.</b>  <b>Мақсаты:</b> күн - жылу мен жарық көзі екені жайлы түсініктерін пысықтау; талқылау, дәлелдеу біліктерін дамыту; табиғатты аялауға тәрбиелеу.          (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)  <b>"Ақсүйек"</b> қимыл-қозғалыс ойыны.  <b>Мақсаты:</b> Балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу.</p>	<p><b>Желді бақылау.</b>  <b>Мақсаты:</b> Балалардың желдің қасиеттерін тануға деген қызығушылықтарын арттыру; бақылау нәтижесінде желге ауызша сипаттама беруге, іс-тәжірибелер жасауға дағдыландыру.          (физикалық, шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)  <b>"Әткеншек"</b> қимыл-қозғалыс ойыны.  <b>Мақсаты:</b> Балаларды шеңберде ойын ережесіне сақтап, бірігіп ойнауға ынталандыру;          (физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</p>	<p><b>Суды бақылау.</b>  <b>Мақсаты:</b> балаларды сумен ұқыпты жұмыс істеуді дағдыландыру; судың қасиеттері жайлы түсініктерін нақтылау;          (әлеуметтік-эмоционалды, танымдық-зияткерлік коммуникативтік іс-әрекет)  <b>"Шәйнектен қандай сұйық құйылды?"</b> жаттығуы.  <b>Мақсаты:</b> Балаларды суреттердегі шәйнектерге қарап, әрқайсында шәйнектен кәсеге қандай сұйық құйылып жатқанын</p>	<p><b>Мысықты бақылау.</b>  <b>Мақсаты:</b> Балалардың үй жануарлары, мысық жайлы білімдерін нақтылау, сипаттау мәтнін құрастыра білуге машықтандыру; есте сақтау қабілеттерін, байқампаздықтарын дамыту; жан-жануарларды тануға қызығушылықтарын арттыру, оларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу.  <b>Көркемсөз.</b>  <b>Б. Соқпақбаев</b>  <b>"Мысық".</b>          Үстінде үйдің Тұр еді мысық.</p>	<p><b>Аспанды бақылау.</b>  <b>Мақсаты:</b> Балаларды аспанның ашық небұлтты екенін анықтап; бұлттарды белгілі бейнелерге ұқсайтынын байқауға машықтандыру; ойқиялын, зейін. бақылау қабілетін дамыту.          (шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)  <b>Көркемсөз.</b>  <b>Қ. Мырза Әлі</b>  <b>"Аспанда".</b>          Аспан малға толып</p>

	<p>(Физикалық, танымдық-зияткерлік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)  <b>"Өрт сөндірушілер оқуда" ойыны.</b>  <b>Мақсаты:</b> Қабырғаға өрмелеу біліктіліктерін бекіту; зейіндерін дамыту.  (Физикалық, әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет).</p>	<p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.  <b>Мақсаты:</b> Қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу.  <b>( коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)</b></p>	<p>анықтауға дағдыландыру; түстерді қабылдау, ой-қиял, сөйлеу қабілеттерін дамыту.  <b>(шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</b>  <b>"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны.</b>  <b>Мақсаты:</b> Балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жылдам жүгіруге баулу;  <b>( әлеуметтік-эмоционалды, физикалық іс-әрекет)</b></p>	<p>Қасына келді  Бір торғай ұшып. бассалмақ болып,  Біршыды мысық.  Жалт берді торғай,  Пыр етіп ұшып.  Биіктен жерге  Топ ете түсіп,  Мысықтың қалды  Жамбасы ісіп.  <b>( коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)</b>  <b>"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны.</b>  <b>Мақсаты:</b> Балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дұрыс атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жалғарып жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.  <b>(физикалық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)</b></p>	<p>кетті -  Бұлттар түлік болып кетті:  Бір бұлт шықты ешкі болып,  Бір бұлт шықты мешке болып.  Бір бұлт шықты бие болып,  Бір бұлт шықты түйе болып,  Бір бұлт шықты шошқа болып,  Бір бұлт шықты қошқар болып.я.  <b>"Үш табан" қимыл-қозғалыс ойыны.</b>  <b>Мақсаты:</b> Балаларды мергендікке, шыдамдылыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу;  <b>(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)</b></p>
<p>Серуеннен оралу</p>	<p>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.</p>				



<p><b>Балалардың дербес іс-әрекеті</b></p>	<p>"Күз туралы тақпақты құрастыру".  <b>Мақсаты:</b> Балалардың ұғымдарында тақпақ пен өлең туралы негізгі түсініктерді қалыптастыру, көркемсөз үлгісінің кара сөзден айырмашылығын түсіндіру; "күз мезгілі" ұғымына жататын табиғаттағы өзгерістер мен құбылыстарды пысықтау.  (әлеуметтік-эмоционалды коммуникативтік іс-әрекет)  <b>Сюжетті-рөлдік ойын. «Шаштараз».</b>  <b>Мақсаты:</b> Балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып, өз шаштарын үнемі тарап, әдеміленіп жүруді үйрету. Шаш өрудің әртүрлі үлгісін көрсету. Әсемдікке, әдемілікке баулу.  (коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</p>	<p>"Күзгі саябақтағы жапырақтардың түсуі".  <b>Мақсаты:</b> Балаларды жапырақ пішінін қою бояумен бояу және қағаз бетіне бедерін басу техникасымен таныстыру; жапырақтың бетін күздің ашық бояуларына араластырып бояп, қағаз бетіне басып, жапырақтың нақтылы ізін қалдыруға дағдыландыру.  (танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)  <b>Дамытушы жаттығу.</b>  <b>"Бұл қандай ағаштың жапырағы?"</b>  <b>Мақсаты:</b> Ағаштардың атауларын жапырақтарына қарап табуды үйрету. Зейін, еске сақтау, сөйлеуді дамыту.  (шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)</p>	<p>"Күзгі жапырақтар шоқтары".  <b>Мақсаты:</b> Балалардың танымдық-рдың ұғымында заттардың бірден төртке дейінгі сандарға сәйкес жиындары туралы түсініктерін қалыптастыру.  (әлеуметтік-эмоционалды, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)  <b>Дамытушы жаттығу.</b>  <b>"Күзгі бояу".</b>  <b>Мақсаты:</b> Табиғаттағы күзгі түстерді атауды, бір-бірінен ажыратуды үйрету.  (физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</p>	<p>"Алтын күз".  <b>Мақсаты:</b> Балаларды "Алтын күз" өлеңінің мазмұнымен таныстыру, тақпақты мұқият тындауды үйрету.  (әлеуметтік-эмоционалды коммуникативтік іс-әрекет)  <b>"Саңырауқұлақтар".</b>  <b>Мақсаты:</b> Екі бөлшектен тұратын заттарды, оларға тән пішіндерін бере отырып, сомдау біліктерін нығайту; жұмыс кезінде қырнауышты дұрыс пайдалануды үйрету.  (шығармашылық, физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)</p>	<p>"Саңырауқұлақтар әлеміне саяхат".  <b>Мақсаты:</b> Балаларды жасымықтан саңырауқұлақтың қалпақшасын, қарақұмықтан саңырауқұлақтың түбірін, құрмадан саңырауқұлақтың сабағын құрастыруды үйрету.  (әлеуметтік-эмоционалды танымдық-зияткерлік іс-әрекет)  <b>Дидактикалық ойын.</b>  <b>"Қай ағаштың жапырағы?"</b>  <b>Мақсаты:</b> Таныс ағаштардың жапырақтарын ажырату және атау.  (шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</p>
<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p><b>Мадияр Бекәлім, Совет Айсана «Әдемі кілемшелер».</b></p>	<p><b>Байменде Раяна, Думан Сара Жаңылтпап жаттайық.</b></p>	<p><b>Байменде Раяна, Ырысхан Ұлжан Кел, жазайық.</b></p>	<p><b>Мадияр Бекәлім Артикуляциялық жаттығу.</b></p>	<p><b>Ырысхан Ұлжан, Думан Сара 10-ға дейін тура</b></p>

	<p>геометриялық пішіндерді кілемшелердің үстіне қояды да, әдемі құрақ құрауды үйрету. (шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды, танымдық-зияткерлік іс-әрекеті)</p>	<p>1) Дөп деп, Дөп теп. 2) Қапыда ит қапты, Қатты қапты, Қапты қатты. 3) Қырқада қырық арқар бар. Қырық арқарда ақ арқар бар. Алты арқарда марка арқар бар. (физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)</p>	<p><b>Мақсаты:</b> Тиянақтылықты, кәркем жазуды, қаламды дұрыс ұстауды үйрету. (коммуникативтік шығармашылық іс-әрекет)</p>	<p>1) Ара болсаң, ызында 3-3-3, ж-ж-ж, 3-3-3, ж-ж-ж Жұмыс істе, тығылма. - Ара қалай дыбыстайды? (3-3-3) - қатты\жай 2) «Зе-зе-зе, зе-зе-зе – бұл шынылы терезе», «За-за-за, за-за-за – үйдің іші тап-таза», «Зу-зу-зу, зу-зу-зу – күрекпен жерді қазу», «Са-са-са, са-са-са – ызындайды маса. (физикалық, коммуникативтік шығармашылық іс-әрекет)</p>	<p><b>және кері санауды бекіту.</b> Геометриялық денелерді дұрыс атауды және бір-бірінен ажыратуды үйрету. (шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекеті)</p>
<p><b>Балалардың үйіне қайтуы</b></p>	<p>Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.</p>				

Тексерілді: Ж.Ж.Жакенова

*Ж.Ж.Жакенова*



**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы: Р.Асубаев атындағы ЖББМ «Айгөлек» шағын-орталығы

Тобы: «Балбөбек» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 09-13 қазан 2023 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балабақша туралы сұрақтар қою. <b>(коммуникативтік, физикалық іс-әрекет)</b>				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата –анамен әңгімелесу. Ата –аналармен қарым –қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	«Жұбын тап» ойыны <b>Мақсаты:</b> Балалардың алдына екі бөлікке бөлінген жұмыртқа-ларды беріп, түстерін тауып сәйкестендіруге үйрету. <b>(Танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)</b>	«Көңілді көліктер» <b>Мақсаты:</b> Көліктің дөңгелегін орналастыру (ұсақ қол моторикасына арналған ойындар) <b>(әлеуметтік-эмоционалды, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)</b>	«Көңілді бояулар» <b>Мақсаты:</b> Суреттерді бояу. Балаларға қарындашты оң қолмен ұстай білуге дағдыландыру <b>(Шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)</b>	«Бауырсақ» ертегісі <b>Мақсаты:</b> Балалардың кітапқа деген қызығушылығын ояту. Атрибутпен ертегіні айтып беру. <b>(Коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)</b>	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойын-дарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары <b>(физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</b>
Танертенгі жаттығу	Танертенгі жаттығу кешені №1(Қазан айына арналған)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Дидактикалық ойын: «Қуыршақтың киімі» <b>Мақсаты:</b> Қуыршаққа киім тандап беру, қуыршақ суретін салу. <b>(Шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)</b>				
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Гимнастикалық қабырғаға өрмелейміз!"	Қазақ тілі "Көгөністер мен жемістерді жинаймыз	Дене шынықтыру "Допты қақпаға дәлдеп домалату". <b>Мақсаты:</b> Балаларды	Музыка "Күз жомарт" пысықтау. <b>Мақсаты:</b> Балалардың	Дене шынықтыру "Епті баламыз". <b>Мақсаты:</b> Балаларға табан мен алақанға сүйеніп


	<p><b>Мақсаты:</b> Балаларға сапта бір-бірден жүгіруді; гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелеуді үйрету. (Физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)</p>	<p><b>Геометриялық пішіндер".</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың "күзгі астық", "қысқы дайындық" туралы түсініктерін қалыптастыру; жемістер мен көгөністерді ерекшеліктері бойынша топтастыру туралы білімдерін пысықтау. (танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет) <b>Музыка</b> <b>"Жомарт күз".</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың музыканы тыңдай білу қабілетін арттыру; әнді тыңдай отырып, сын-сипатын ажыратуды үйрету. (шығармашылық коммуникативтік іс-әрекет)</p>	<p>сапта денесін тік ұстап, педагогтің белгі беруі бойынша "Тіктел!", "Түзел!", "Тік тұр!" сөздерімен қимылдарды бұлжытпай орындауға жаттықтыру. (физикалық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)</p>	<p>музыканы тыңдай білу қабілеттерін арттыру; әнді тыңдау арқылы сыр-сипатын ажыратуды үйрету. (шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет) <b>Дидактикалық ойын. "Біздің саяхат".</b> <b>Мақсаты:</b> Балғаның дыбысы арқылы көңіл күйді білдіртуді үйрету. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)</p>	<p>төрттағандап еңбектеуді үйрету. (физикалық, коммуникативтік іс-әрекет) <b>"Кешігіп қалма" қимылды ойыны.</b> <b>Мақсаты:</b> Еңбектеу, жүгіру дағдыларын бекіту. Қимыл жылдамдығы мен ширақтығын дамыту. (физикалық, шығармашылық іс-әрекет)</p>
Серуенге дайындық	Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты). Ауа –рай құбылыстары жайлы әңгіме жүргізу. (Әлеуметтік-эмоционалды, физикалық іс-әрекет)				
Серуен	<p><b>Күнді бақылау</b> <b>Еңбек:</b> Біздің ойын</p>	<p><b>Бұлтты бақылау</b> <b>Көркем сөз:</b></p>	<p><b>Желді бақылау</b> <b>Көркем сөз:</b></p>	<p>«Жел» туралы әңгіме</p>	<p><b>Күннің ерекшелігі</b> <b>Мақсаты:</b> Күн көзінің</p>



	<p>алаңы «Таяқшадан аттап өт» <b>Мақсаты:</b> Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау. Еңбекқорлыққа баулу. <b>(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</b></p>	<p>Ал керемет бұл қандай? Төгіледі төбеден. Көк теңізден құйғандай Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр) <b>Мақсаты:</b> Жұмбақ жаттата отырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру. <b>(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</b> «Артығын тап» д/о <b>(шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)</b></p>	<p>Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт) <b>Мақсаты:</b> Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау. Ойлау қабілетін арттыру. <b>(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</b></p>	<p><b>Мақсаты:</b> Желдің түрлерімен таныстыру; салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел. Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру. <b>Көркем сөз</b> Қалың ну халық саулығы Көк орман Отан байлығы. <b>(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)</b></p>	<p>жарығын күннен тараған сәуле (жарық) сның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу. <b>(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</b> <b>Қимылдық ойын:</b> «Қуаласпақ» <b>Мақсаты:</b> Жылдамдыққа, ептілікке баулу. <b>(физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</b></p>
Серуеннен оралу	<p>Балаларға киімге ұқыпты қарау керектігі жайлы әңгіме жүргізу. «Ұқыпты бала» әңгімесі <b>(Коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</b></p>				
Балалардың дербес іс-әрекеті	<p><b>Тақырыбы:</b> «Алма мен алмұрт» <b>Мақсаты:</b> Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білу. Мүсіндеудің</p>	<p>«Пішіндерді орналастыр және суретін сал» ойыны <b>Мақсаты:</b> пішіндерді ұяшықтарға</p>	<p>«Өз үйін тап» ойыны <b>Мақсаты:</b> үлкен – кіші ұғымдары туралы түсінік беру. <b>(шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)</b></p>	<p>«Өз орнын тап» ойыны <b>Мақсаты:</b> түстерді тануға үйрету. <b>(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-</b></p>	<p>Үстел -үсті ойыны пазл: «Үйшік құрастыр» <b>Мақсаты:</b> логикалық ойлау қабілетін дамыту. <b>(шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</b></p>



	<p>қарапайым тәсілдерін игеру дағдыларын дамыту. <b>(Шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)</b></p>	<p>түстеріне және көлеміне сәйкес орналастырады. Дөңгелек пішінді мүсіндеу. <b>(Танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)</b></p>	<p><b>«Дөңгелек»</b> <b>Мақсаты:</b> шығаршылыққа деген қызығушылықтарын дамыту; <b>(шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)</b></p>	<p><b>әрекет)</b> <b>«Пішінің суретін сал» ойыны</b> <b>Мақсаты:</b> көріп есте сақтауын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. <b>(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)</b></p>	<p><b>«Кім көп, кім аз»</b> <b>Мақсаты:</b> ұл және қыз атауларын естеріне сақтауға және ажырата алуға дағдыландыру. <b>(шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</b></p>
<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p><b>Совет Айсана, Мадияр Бекәлім</b> Құрылыс материалдарынан орындық, сырғанақ құрастыра білуге үйрету. <b>(танымдық-зияткерлік, шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)</b></p>	<p><b>Думан Сара, Ырысхан Ұлжан</b> <b>«Менің ойыншықтарым»</b> <b>М.Әлімбаев</b> <b>Мақсаты:</b>Өлең жолдарын түсіне отырып, жаттау қабілеттерін жетілдіру. Ойыншықтарды атай отырып сипаттауға, сурет бойынша 2-3 сөзден тұратын қысқа әңгіме құрастыра білуге үйрету. <b>(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)</b></p>	<p><b>Балалармен Саусақ жаттығуы:</b> <b>«Қоянның құлағы»</b> Ұзын құлақ сұр қоян, Естіп қалып сыбдырды Ойлы-қырлы жерлермен Ытқып-ытқып жүгірді. <b>Мақсаты:</b> Ұсақ қол моторикасын дамыту. <b>(физикалық, шығармашылық іс-әрекет)</b></p>	<p><b>Байменде Раяна</b> «Екі дос» (өлең) Қадыр Мырза Әли <b>Мақсаты:</b> Құрдастарымен қарым-қатынас жасау ережелерін сақтауға үйрету, ойында және қарым-қатынаста сыпайылық көрсете алуға көмектесу, өзара сыйластыққа тәрбиелеу. <b>(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)</b></p>	<p><b>Мадияр Бекәлім</b> <b>Саусақ ойыны:</b> Саусағымда сақина Санап көрші кәнеки 1,2,3 Бір, екі үш Демалайық жинап күш. <b>(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)</b></p>
<p><b>Балалардың үйіне қайтуы</b></p>	<p>Балалардың жегістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.</p>				

Тексерілді:  Ж.Ж.Жакенова

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы: Р.Асубаев атындағы ЖББМ «Айгөлек» шағын-орталығы

Тобы: «Балбөбек» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 16-20 қазан 2023 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Медбике және психологпен бірлескен жұмыс. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(коммуникативтік, физикалық іс-әрекет)</b>				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балабақша - баланың өміріндегі екінші әлеуметтік орта. Тәрбиелеу мен оқыту үдерістері жайлы әңгімелесу.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	Балалардың еңбекке дұрыс көзқарасын қалыптастыру, өз-өздеріне қызмет етуді үйрету, бір-біріне кедергі жасамай еңбектенуге тәрбиелеу. <b>"Бөлме өсімдіктерін суғару".</b> <b>Мақсаты:</b> Өсімдіктердің жарық пен ылғалды қажет етуі туралы балалардың білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатынын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс істегенде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Айналадағы қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. <b>(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</b>				
	<b>"Не артық?"</b> дамытушылық ойыны. <b>Мақсаты:</b> Балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілетін дамыту. <b>(танымдық-</b>	<b>Үстел үсті ойыны. «Мозаика».</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып дұрыс орналастыруды үйрету. Тапқырлықты дамыту. <b>(әлеуметтік – эмоционалды,</b>	<b>Дидактикалық ойын. "Баспанасын тап".</b> <b>Мақсаты:</b> Жануарлар мен жәндіктер туралы балалардың білімдерін бекіту. <b>(физикалық, шығармашылық әлеуметтік-эмоционалды іс-</b>	<b>Дидактикалық ойын. «Зат неге ұқсайды?»</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларға бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айта білуді үйрету. <b>(танымдық-зияткерлік іс-</b>	<b>Дидактикалық ойын. «Көлеңкесін тап».</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларға әр құстың көлеңкесін тауып орналастыруды үйрету. Сөйлеу тілін дамыту. Құстардың атауын дұрыс атауды үйрету. <b>(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)</b> <b>"Не өзгерді?"</b> дамытушылық ойыны. <b>Мақсаты:</b> Саналы логикалық есте



	<p>зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)  <b>Саусақ жаттығуы.</b>  <b>"Ыдысты қалай жуамыз?"</b>  <b>Мақсаты:</b>  Көркемсөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту; балалардың қарапайым дағдыларын жетілдіру.  <b>(коммуникативтік, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)</b></p>	<p>танымдық-зияткерлік іс-әрекет)  <b>Саусақ жаттығуы.</b>  М.Әлімбаев «Он саусақ».  Жалғыз саусақ тіпті де, Ұстай алмас жіпті де.  Екі саусақ бірікті  Ине қолға ілікті.  Үш саусағым орамды  Жүгіртеді қаламды  Өнерлі екен он саусақ!  Қала салсақ, жол салсақ...  <b>(танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)</b></p>	<p>әрекет)  <b>"Айналамыздағы геометриялық пішіндер"</b>  <b>дамытушы ойыны (заттар).</b>  <b>Мақсаты:</b>  Балалардың айналадағы заттар, геометриялық пішіндер туралы түсініктерін пысықтау; ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін жетілдіру.  <b>(танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)</b></p>	<p>әрекет)  <b>"Домино"</b>  <b>дидактикалық ойыны.</b>  <b>Мақсаты:</b> Баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттын бейнесін тауып дұрыс айтқызып, оның атқаратын қызметі туралы бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру.  <b>(физикалық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет )</b></p>	<p>сақтауды және зейін бөлуді қалыптастыру.  <b>(шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)</b></p>
<b>Таңертенгі жаттығу</b>	<b>Таңертенгі жаттығу кешені №2 (Қазан айына арналған)</b>				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	<p>Бидай туралы әңгімелесу.  Балаларға 1-ден 4-ке дейін санауды ұсынады. Саналғандар реттік сандарына сәйкес 4 топқа бөлінеді.  <b>(коммуникативтік, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)</b>  "Нан қалай пайда болады?" суреті бойынша әңгіме құрастыруды үйрету.  <b>(әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет)</b></p>				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>"Мергендер жарысы".</b></p>	<p><b>Қазақ тілі</b>  <b>"Сықырлы бауырсақтар".</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>"Алға жүрелеп жылжу".</b></p>	<p><b>Музыка</b>  <b>"Адам еңбегіне жыр".</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>"Арақашықты сақтау амалдары".</b></p>




